

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 27 ақпандағы N 209 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 желтоқсандағы N 1321 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Таратылған Жол қорының негізгі борышын өтеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 27 ақпандағы N 209 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 9, 105-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Таратылған Жол қорының негізгі борышын өтеу ережесінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Ереже 1998 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) жеткізушілердің немесе олардың құқықтық муратерлерінің (бұдан әрі - Жеткізуші) алдында, қуралған әрі 2003 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша өтелмеген, сондай-ақ "Қазақавтожол" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - "Қазақавтожол" РМК) және оның облыстық филиалдары сот актілері бойынша жеткізушілерге төлеген "Қазақавтожол" РМК-ның теңгерімінде есепке алынған, таратылған Жол қорының негізгі борышын (бұдан әрі - борыш) өтеу тәртібін айқындайды";

5-тармақ мынадай мазмұндағы 8), 9), 10) тармақшалармен толықтырылсын:

"8) 3-қосымшаға сәйкес 2003 жылғы 1 қаңтарға дейін күшіне енген сот актілері бойынша борышы өтелген жеткізушілердің тізілімін;

9) "Қазақавтожол" РМК-ның және филиалдарын есеп айырысу шоттарынан таратылған Жол қорының міндеттемелері бойынша кредиторлық берешекті өндіріп алу туралы 2003 жылғы 1 қаңтарға дейін күшіне енген сот актілерінің көшірмелерін;

10) негізгі борышты және ол бойынша шығындарды өндіріп алуды растайтын мынадай құжаттарды:

жеткізушілермен жасалған шарттардың көшірмелерін;

жеткізушілер бөлінісінде борышты ажырата отырып, борышты өндіріп алуға дейінгі және одан кейінгі филиалдың бухгалтерлік теңгерімінің көшірмесін;

негізгі борышты өндіріп алуға дейінгі және одан кейінгі филиалдың N 6 ордер журналының көшірмесін;

негізгі борышты өндіріп алуға дейінгі және одан кейінгі филиалдың бас кітабынан нотариалды түрде куәландырылған үзіндіні;

2003 жылғы 1 қаңтарға дейін орындалған төлем және инкассалық тапсырмаларды";

6-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
"1) осы Ереженің 5-тармағында көрсетілген құжаттарды";
осы қаулыға қосымшаға сәйкес көрсетілген Ережеге 3-қосымшамен
толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы 25 желтоқсандағы

№ 1321 қаулысына

қосымша

Ережеге

3-қосымша

сомадағы тізілімді

бекітемін

(қолы) (Қазақстан

Республикасы Көлік

және коммуникациялар

министрлігінің басшысы)

жылғы " " "

2003 жылғы 1 қаңтарға дейін күшіне енген сот актілері
бойынша борышы өтелген жеткізушілердің тізілімі

2003 жылғы " " "

| Р/с N | Жеткізушінің атауы | Орналасқан орны | Сот шешімі бойынша өндіріліп алынатын сома (теңге) |
|-------|--------------------|-----------------|--|
|-------|--------------------|-----------------|--|

1

2

3

4

Барлығы

Мыналар осы тізілімге қоса беріледі:

1. _____
2. _____
3. _____

"Қазақавтожол" РМК-ның филиалы _____ Комитет

(басшының Т.А.Ә., қолы)

(басшының Т.А.Ә., қолы)

(бас бухгалтердің Т.А.Ә., қолы)

(бас бухгалтердің Т.А.Ә., қолы)

м.о.

м.о.

"Қазақавтожол"

РМК-ның

филиалы

(басшының Т.А.Ә., қолы)

(бас бухгалтердің Т.А.Ә., қолы)

м.о.